

**Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ КЕАҚ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ» КАФЕДРАСЫ**

Бекітілді

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті» КеАҚ Инновациялық білім беру  
факультетінің кеңес отырысының 2023 ж.

«20» 02 хаттама №7 шешімімен

Факультет деканы  Муханбетжанова А.У.



**ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**  
**«БВ01301- БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕНГЕЙІНІҢ ПЕДАГОГЫ»**  
білім беру бағдарламасының атауы  
2023-2024 оқу жылы

Атырау, 2023

№	Пәнің коды және атауы	Курстың мақсаты Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Қалыптасатын құзыреттіліктер (30 сөзден көп емес)	Пәндер циклы		Академиялық кредит көлемі	Ұсынылған семестр
					(ЖБП, БП, КП)	ЖК, ТК		
<b>1 курс</b>								
1	BSOP 1201 Бастауыш сынып оқушысының психологиясы	Пәнді оқытудың мақсаты студенттерге бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуы мен жеке басының қалыптасуы туралы білім меңгертіп, мамандығына сәйкес білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру. Студенттерді диалектикалық материализммен психика туралы жазылған мектеп жасындағы балалардың психология ерекшеліктерімен қағидаларын таныстыру, дүние танымындағы ғылыми көзқарастарын қалыптастыру. Оқытудың әдіс-тәсілдерінің өзекті мәселерін психологиялық тұрғыдан негіздеу. Студенттерге бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес психикалық даму жайында қажетті мағлұмат беру.	Орта мектеп бағдарламасы	Психологиялық-педагогикалық процесте балаларды оқытуда әр түрлі әдістерді қолдануды; әр түрлі іс-әрекеттер үшін дамыту ортасын ұйымдастыруды; балалардың даму әрекетін дамытуды жобалауды; кіші мектеп жасындағы оқушылардың әр түрлі әрекетін ұйымдастыру әдістерін анықтауды; кіші мектеп жасындағы оқушылардың даму психологиясындағы ерекшеліктерін есепке ала отырып танымдық іс-әрекетін жобалауды біледі.	БП	ЖК	5	1
2	BBBP 1301 Бастауыш білім беру педагогикасы	Студенттерге жалпы білім беретін орта мектептегі оқушылармен бастауыш сатысына арналған оқу бағдарламасының негізіне алынған басты ұстаным – білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру мен оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастырылатын дамыта оқыту идеясын қарастыру. Бастауыш білім беру педагогикасының мәні, ерекшелігі, заңдылығы туралы біртұтас көзқарасты, жалпы педагогика, әрі дидактика негіздерін білу және түсіну. Болашақ мамандардың алдыңғы педагогикалық қызметіне кәсіби-педагогикалық бағыттылығын, сондай-ақ мәдениетке және педагогикалық мамандықтың құндылық негіздеріне, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің алғашқы негіздеріне деген тұлғалық	Орта мектеп бағдарламасы	Бастауыш мектеп курсының құрылымы мен мазмұнын меңгерген, білім алушылардың білім коммуникативтік, ақпараттық, құқықтық, экологиялық, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың принциптері мен әдістерін, кәсіби қызметте қарым-қатынас психологиясымен кәсіби коммуникация негіздерін пайдаланады.	КП	ЖК	5	1

		қарым-қатынасын дамыту.						
3	AP 1302 Академиялық хат	Академиялық хат пәнінің мақсаты - студенттерді шағын зерттеу жұмыстарын (реферат, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, жазбаша емтихандарға эссе жазу) жазуға дағдыландыру, болашақ педагогтарға шағын зерттеу жұмыстарын істей білуге көмектесу болып табылады. Академиялық жазылым және оның ерекшелігі. Академиялық оқылым әрекеті. Сыни ойлау. Шағын эссе және оның құрылымы. Мәселе және оның шешімін қарастыру эссесі. Уәждемелік эссе. Үдеріс эссесі. Тақырып таңдау. Жазба жұмысын жоспарлау. Академиялық жұмыстардағы автор ойының берілуі. Гипотеза және оны құру. Зерттеу жұмысының құрылымы, эмпирикалық немесе ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы. Сұхбат жүргізу арқылы мәлімет жинау.	Орта мектеп бағдарламасы	Академиялық жазылым және оның ерекшелігін; шағын эссе және оның түрлерін; академиялық жұмыстар мен академиялық мәтіндерді; академиялық эссенің мақсатын; академиялық жазылым үдерісін, мәтін бөлемдерін; зерттеу жұмысын жазу, жүргізу әдістерін меңгереді.	БП	ЖК	3	1
4	OPFDE 1302 Оқушылардың физиологиялық дамуының ерекшеліктері	Пәнінің мақсаты - оқушылардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері, әртүрлі жастағы өсу мен даму заңдылықтары, өскелең организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасы, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың оқып-білім алу барысында жұмысқа қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдарының, баланың жасына лайық білім беріп, ақыл ойын дамыту, дені сау, сымбатты етіп өсірудің ғылыми негіздері туралы педагогикалық мамандықтар бойынша оқып жатқан студенттерге білім беру.	«Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игереді; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ағзаның әртүрлі кезеңдеріне сай анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға қойылатын гигиеналық талаптар негізінде ұйымдастыруға қабілетті бола алады.	БП	ЖК	5	2
5	BTzh TA 1202 Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Студенттерге жалпы білім беретін орта мектептегі оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мәнін, принциптерін, мазмұнын, әдістемесін, тәрбиенің шеберлігін.	«Бастауыш сынып оқушысының психологиясы», «Бастауыш білім беру педагогикасы»	- бастауыш сыныптар тәрбие жұмысының мазмұнының нақты мәселелерін оқытып - үйрету барысында балалардың іс-әрекетін	БП	ЖК	5	2

		оқушылармен іс-әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен формаларын, технологиясын теориялық меңгерту, тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын құзырлықпен қаруландыру болып табылады. Балалар ұжымдарымен жұмыс жағдайларында түрлі тәрбиелік құралдарды пайдалану мен түрлі мүмкіндіктерін меңгеру жолдарын үйреніп, біліктіліктері артады. Бастауыш мектептегі сынып жетекшісінің кәсіби тәрбиелік іс-әрекетін тұтастай ұйымдастырып, әдістерін меңгеруі тиіс.		басқаруға мүмкіндік беретін оқытудың әдістемелік тәсілдері мен технологияларын біледі; бастауыш мектеп курсына құрайтын негізгі ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің, әсіресе пәнді оқытып - үйрету барысында мектеп жасындағы балалардың меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылардың мазмұнын біледі.				
--	--	--	--	---	--	--	--	--

2 курс

1	BMMON 2204 Бастауыш мектепте математиканы оқыту негіздері	Студенттерді кіші жастағы оқушыларға математиканы табысты оқытып – үйретудің нақты жағдайларынан туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби тұрғыда шешу үшін қажет болатын білім, білік және дағдылармен қаруландыру. Математиканың жалпы ұғымдары. Теріс емес бүтін сандар жиынын құру. Алгебра және геометрия элементтері. Сан ұғымының кеңейісі. Шама және оларды өлшеу.	«Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы», Орта мектеп бағдарламасы (математика)	Математикалық ұғымдардың мән-мағынасын; арифметикалық материалдың, алгебра мен геометрия элементтерінің теориялық негіздерін; сан ұғымының, сондай-ақ нақты математикалық ұғымдардың дамуы мен кеңейісі жөнінде түсініктері; теорияны аксиоматикалық әдіспен құру туралы түсініктері; сандарға қолданылатын амалдардың қасиеттері мен заңдарын, сандардың бөлінгіштік белгілерін, шамалардың өлшем бірліктері арасындағы қатынастары туралы білімдері болады.	БП	ЖК	5	3
2	AK 2206 Адам және қоғам	Пәнді оқытудың мақсаты - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан студенттерге оқушылардың бойында адамның табиғи және әлеуметтік ортасы, табиғат пен қоғамның байланысы мен өзара тәуелділігі туралы білімдер жүйесін қалыптастыру.	«Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Білуі тиіс: Оқу пәнінің мазмұнын, оқу тәрбиелік мақсаттарын дұрыс анықтауын және экологиялық табиғатты қорғауға гумандық бағыттарды көрсете білулері тиіс.	БП	ТК	5	3

		<p>ұйымдастырылатын жұмыс түрлері; сабақ түрлерін ұйымдастыру; бақылау түрлері, оны ұйымдастырудың әдістері және бақылау нәтижелері қорытындылау; оқытудың әдістері мен құралдарын іріктеу; топсаяхат, серуенді ұйымдастыру түрлері мен әдістері; мектеп алды балаларының айналыны, қоршаған ортаны танып білу дағдыларын қалыптастыру жолдары; оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың белсенді жаңа технологиялары.</p>		<p>дүниетану пәнінің мазмұнын экологиялық, табиғат қорғау, гумандық т.б бағыттарды көре білуге үйрету. Дағдысы бар: бастауыш сыныптарда оқушыларға дүниетану пәнінен нақты объектілерге негізделген теориялық ұғым беру</p>				
3	DN 2206 «Дүниетану негіздері»	<p>«Дүниетану негіздері» пәнінің мақсаты – білім алушылардың дүниеге біртұтас көзқарасын қалыптастыру және ондағы адамның орнын, табиғат объектілері мен құбылыстарының алуан түрлілігі, олардың қасиеттері, салалары мен күйлері туралы түсініктерді қалыптастыру.</p>	<p>«Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы», Орта мектеп бағдарламасы</p>	<p>Дүниетану пәнін оқытуда теориялық біліммен қаруланады; пәні бойынша ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін, бақылау түрлерін, оны ұйымдастырудың әдістерін және бақылау нәтижелерін қорытындылауды біледі.</p>	БП	ТК		
4	ТА 2207 Тіл және әдебиет (Т1)	<p>Пәнінің мақсаты - «Қазақ тілі» пәні студенттерге тілдің грамматикалық құрылымы тұтас жүйе екендігін таныту. Тілдің дыбыстық жүйесінен алған білімдері сауат ашудың дыбыстық талдау-жинақтау әдісін меңгертуде, ал тілдің грамматикалық құрылымы мен жүйесі жайлы білімдері қазақ тілін жеке-жеке тақырыптар бойынша меңгертіліп, оларды талдауды үйретеді. тілдің қоғамдық мәні және оны ойлаумен байланысы туралы түсінік беру. Тіл дыбыстары және олардың түрлері; үндесу заңдылықтары; орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктер; сөз мағынасының түрлері; сөзжасамның негізгі тәсілдері және морфемалар; сөз таптары, әр сөз табының грамматикалық түрлену жүйесі; сөздерді тіркестіру формалары мен тәсілдері; сөйлемнің</p>	<p>«Қазақ (орыс) тілі», «Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»</p>	<p>Мәдени және коммуникативтік құзыреттілікті меңгереді; мәдени-әдеби әлемдегі рухани құндылықтардағы негізгі тақырыптар мен өзекті мәселелерді негізін таниды; сөздерді орфоэпияға сай айта білуді және сауатты жазуды үйренеді.</p>	БП	ЖК	5	3

		айтылу мақсаты және құрылысы.						
5	BMzhN 2205 Бастауыш мектептегі жаратылыстану негіздері	Пәннің мақсаты - студенттерге негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия»; «Физика» пәндерінен алған білімдерін жетілдіріп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Жаратылыстану» пәндерін оқытуға қажетті теориялық білім мен практикалық білікті қалыптастыру. Тірі табиғат негіздері. Өсімдіктану негіздері. Төменгі және жоғарғы өсімдіктердің морфологиясы, систематикасы және экологиясы. Жануартану негіздері. Біржасушалы, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың анатомиясы, физиологиясы, систематикасы және экологиясы. Заттар және олардың қасиеттері. Жер және ғарыш. Табиғат физикасын, жердің жалпы физикалық-географиялық дамуының және құрылымының заңдылықтары. Табиғатты, тарихты, ел-жұртты, шаруашылықты, мәдениетті, өнерді және Қазақстан Республикасы халықтары өмірлерінің басқа да жақтарын оқып үйрену.	«Адам және қоғам», «Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы», Орта мектеп бағдарламасы (жаратылыстану)	Студенттерді жаратылыстану пәннің мазмұнын экологиялық, табиғат қорғау, гумандық т.б бағыттарды көре біледі; жаратылыстану негіздері пәнінен нақты объектілерге негізделген теориялық ұғым беріледі.	БП	ЖК	5	4
6	IME 2108 Мәңгілік Ел идеясы және қазақ халқының рухани мәдениеті	Пәннің мақсаты: Жоғары ұлттық және өзіндік санасы, патриоттық рухы жетілген қоғамның әлеуметтік белсенді жаңа буынын тәрбиелеу; кәсібилік рухы мен бәсекеге қабілеттілігі мол, тұрақтылықты, тәуелсіздікті, біздің еліміздің қауіпсіздігін сақтауға мейлінше дайын, өзге халықтар мәдениеттермен оңды келісім жүргізуге қабілетті жастарды дайындау.	«Қазақстан тарихы», «Философия»	Пәнді оқу нәтижесінде студент: Пәнді оқыту негізінде этнос, ұлт, діл, ұлттық діл, ұлттық идея, ұлттық тәрбие, ұлттық өзіндік сана, ұлттық мәдениет, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, салауатты өмір салты, ақыл-ой мүмкіншілігі, бәсекеге қабілеттілік және басқа ұғымдарды білуі керек. Қазақстан этностарының бәріне ортақ құндылықтар болып табылатын жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сыйлай отырып, азаматтық қоғамда еркін өмір сүре білуі керек;	ЖБП	ТК	5	4

				этнопедагогикалық, этномәдени, әртүрлі мәдени күзіреттілікті, ұлтаралық келісім мен қарым-қатынасты меңгеруі қажет.				
7	ЕТКН 2108 Экология және өмір қауіпсіздігінің негіздері	Пәнің мақсаты: қоршаған ортаға және табиғи ортаға әлемдік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде олардың қызметінің салдарын болжай алатын, экологиялық зиянманын, ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, жауапкершілікті таңдауға мүмкіндік беретін, экологиялық тұрғыдан ойлаудың және қауіпсіз өмір сүрудің негіздерін иеленетін экологиялық таза білімді тұлғаны қалыптастыру мәдениет пен табиғат әлемінде өзін-өзі тану негізінде әлеуметтік әріптестікке, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мен сақтауға тәжірибелік іс-әрекеттер, адам денсаулығының, өмір сүру қауіпсіздігінің сақталуын және жақсаруын қамтамасыз ету.	«Адам және қоғам», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Адамның денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға экологиялық әсерін төмендету, экологиялық мәдениетті арттыру, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру принциптерін білу керек және іс-әрекеттер, қызметтердің қоршаған ортаны қорғау, адам денсаулығы, тіршілік қауіпсіздігі, жергілікті қоғамдастық пен табиғаттың тұрақты дамуының жүйелік салдарын (тәуекелдерін) алдын-ала бағалауды білу керек.	ЖБП	ТК		

8	KNMC 2108 Кәсіпкерлік негізі және ментор-стартаптары	<p>Курстың мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерлік кағидалары туралы білімдерін қалыптастыру, жаңа идеяларды іздеу әдістері мен стартаптар құру арқылы студенттерді бизнес ашуға тарту.</p> <p>Курс мазмұны. Өз бизнесін дамыту, бюджет және басқа шаруашылық субъектілерін қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз ету, тауарлар (жұмыс, қызмет) және нақты тұтынушылар мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында нарықтық қатынас субъектілері жүзеге асыратын түрлі қызмет салаларында еркін экономикалық басқару болып табылатын кәсіпкерлік теориясын және тәжірибесін зерттеу.</p>	«Орта мектеп бағдарламасы», «Кәсіпкерлік негіздері»	<p>Білуі қажет: кәсіпкерлік қызметтің мазмұны мен мәні, оның түрлері мен формалары, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру негізі, сондай-ақ кәсіпкердің іскерлік этикалық мінез-құлық принциптерін;</p> <p>Жасай білуі қажет: Кәсіпкерлік идеялар банкін қалыптастыру, стартаптар үшін бизнес-жоспар жасау, көшбасшылық дағдыларды дамыту және әлеуметтік-бағдарланған және инновациялық бизнес саласында бірлескен жұмыс тәжірибесін алу</p>	ЖБП	ТК		
9	ТА 2208 Тіл және әдебиет (Т2)	<p>Пәнің мақсаты - «Әдебиет» пәні арқылы көркем сөз өнерінің бір саласы балалар әдебиетінің ерекшеліктерін таныту арқылы тілдік - әдеби теориялық білімдерін шыңдау және игерту. Әдебиеттен алған білімдері әдебиеттанудың негізгі ерекшеліктерін, балаларға арналған халық ауыз әдебиеті үгілерін, белгілі жазушылардың балаларға арналған шығармаларымен таныса отырып, талдап, оның тәрбиелік мәнін ашуға үйретеді. Балалар әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері; ауыз әдебиетінің жанрлары; отандық және шетелдік классикалық балалар әдебиетінің озық үлгілері; балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы.</p>	«Қазақ (орыс) тілі», «Тіл және әдебиет (Т1)»	<p>Мәдени және коммуникативтік құзыреттілікті меңгереді; мәдени-әдеби әлемдегі рухани құндылықтардағы негізгі тақырыптар мен өзекті мәселелерді негізін таниды; оқып зерделеген туындының тектік, жанрлық сипатын біледі; бастауыш мектеп оқушылары үшін көркем шағармаларды іріктей біледі; тіл мен әдебиеттің сабақтастығын таныта отырып, оқушының ана тіліне деген құрметін қалыптастыра алады.</p>	БП	ЖК	5	4
10	ВВАТК 2303 Білім беруде АТ технологияларын қолдану	<p>Студенттерді ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында қалыптастырылған базалық мағлұматтарды және икемдіктерді өзінің кәсіптік қызметінде пайдалануға дайындау. Білім беруде АКТ-ны пайдаланудың негізгі бағыттары туралы мағлұматтарды, оларды мектеп есептеу техника</p>	«Ақпараттық коммуникациялық технологиялар»	<p>Бейнелік және логикалық ойлау қабілетін дамыту; Қашықтықтан оқытуда қолданылатын компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасай білу; Онлайн кері байланыс алу формаларымен танысу;</p>	БП	ЖК	5	4

		кабинетінің жұмысын ұйымдастыруда қолдануды қалыптастыру. Информатиканы оқытуда және мектепті ақпараттандыру бойынша қызметте АКТ-ны пайдалану ікемдіктерін қалыптастыру; Информатика және басқада пән мұғалімдерінің қызметінде АКТ-ны пайдалану мүмкіндіктері туралы түсініктер қалыптастыру.		Білім беруде қолдануға қажетті электронды құрал жасақтай білу; Информатика курсының негізгі бөлімдерін оқуда түрлі әдістерді білуі; Бастауыш оқушыларына информатиканы оқытуда қалып, әдіс және құрал ұғымын қолданады.				
11	BSOZhSKA 2304 Бастауыш сыныпта оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі	«Бастауыш сыныпта оқу және жазу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі» пәнінің мақсаты - функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру негіздерін қалау, бастауыш сынып оқушыларының тілдік және сөйлеу дамуын қамтамасыз ету; студенттерге грамматика мен жазуға үйрету әдістемесін практикалық қолдану, бастауыш сынып оқушыларының графикалы-каллиграфикалық дағдыларын қалыптасыру.	«Академиялық хат», «Қазақ (орыс) тілі», «Тіл және әдебиет (Т1)»	Балаларды сауаттылыққа оқыту бойынша интерактивті әдістерді қолдана отырып, оқу процесін құрастырады, сауаттылықты оқыту әдістемесінің лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық негіздерін ескере отырып, оқу мен жазуды оқытуды интеграциялауды жүзеге асырады.	КП	ЖК	5	4

**3 курс**

1	BMMOA 3210 Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі	Пәнді оқытудың мақсаты - болашақ мұғалімдерге математиканы оқытуға қажетті теориялық, практикалық және әдістемелік даярлық беру және критериялы бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан болашақ мұғалімдердің педагогикалық дағды мен күзінділігін қалыптастыру. Студенттерді кіші жастағы оқушыларға математиканы табысты оқытып – үйретудің нақты жағдайларынан туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби тұрғыда шешу үшін қажет болатын білім, білік және дағдылармен қаруландыру.	«Бастауыш мектепте математиканы оқыту негіздері», «Бастауыш мектепте жаңартылған білім мазмұнының теориясы мен әдістемесі»	Бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана; математика бастауыш мектептегі оқу пәні ретінде және оны оқыту технологиялары туралы біледі; бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериялы бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.	БП	ТК	5	5
	MSOA 3210 Математикалық сауаттылықты оқыту әдістемесі	Пәнді оқытудың мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнді оқытуда оқушыларды математикалық сауаттылыққа үйретуде қажетті теориялық, практикалық және әдістемелік	«Бастауыш мектепте математиканы оқыту негіздері», «Бастауыш мектепте	Математикалық сауаттылықты қалыптастыру және жетілдіру аспектіде бастауыш, білім беру деңгейлерінде білім	БП	ТК		

		даярлық беру, педагогикалық дағды мен күзiреттiлiгiн қалыптастыру. Бастауыш сыныптардағы математикалық сауаттылық оқыту материалының мазмұны кiшi жастағы оқушылардың математикалық дайындығына, бiлiм, бiлiк және дағдылар деңгейiне қойылатын талаптардың өзгеруiмен байланысты дәстүрлi модельге елеулi түзетулер енгiзген жаңа мектеп бағдарламасымен анықталады.	жаңартылған бiлiм мазмұнының теориясы мен әдiстемесi»	мазмұнының бiрiздiлiгiн қамтамасыз етедi. Математиканың әлемдегi рөлiн анықтап, түсiнедi; әртүрлi формада берiлген сандық ақпараттарды оқып, талдап, түсiндiрiп бередi.				
2	ZhOA 3211 «Жаратылыстану» оқыту әдiстемесi	«Жаратылыстану» пәнiнiң мақсаты-студенттерге бастауыш мектептегi жаратылыстану пәнiн оқытудың әдiстемесiн тиiмдi меңгеруiне және тәжiрибеде қолдану бiлiгiн дамытуға бағытталған. Жаратылыстану пәнiнiң теориялық-әдiснамалық негiздерi. Бастауыш сыныптарда Жаратылыстану пәнiн оқытудың мазмұны. Бастауыш сыныптардағы жаратылыстану пәнiн оқытуды ұйымдастырудың ерекшелiктерi.	«Бастауыш мектептегi жаратылыстану негiздерi», «Адам және қоғам»	Бастауыш сыныпта оқушылар пәндi меңгеру барысында дәстүрлi емес ойлау формаларына үйренедi, ақиқатпен байланысты iс-әрекеттердiң жауабын табуға, сұрақтар қоюға, ғылыми-зерттеу тәсiлдерiн түсiнiп, ойлауға және бақылауға дағдыланады.	БП	ТК	5	5
	DSTOA 3211 Денсаулық сақтау технологиясын оқыту әдiстемесi	Пәнiң мақсаты - студенттерге денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкiндiктерiн үйрете отырып, бастауыш мектепте денсаулық сақтау технологиясының әдiстемесiн пайдалану жолдарын меңгерту. Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты баланың денсаулық сақтау мүмкiндiктерiн қамтамасыз ету, оған салауатты өмiр-салты туралы қажеттi бiлiм, қабiлет пен дағдылардың қалыптасуы болып табылады.	«Дене шынықтыру»	Бiлiм берудегi денсаулық сақтау технологияларының даму тарихын, теориялары туралы негiзгi түсiнiгiн баяндайды; бiлiм берудегi денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бередi және алған бiлiмдерiн iс- тәжiрибеде қолдана алады; негiзгi қимыл-қозғалыс түрлерiн, орындаудың қарапайым дағдыларын меңгередi; бастауыш сынып оқушыларының өзiне тән жеке ерекшелiгiн ескере отырып, дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру ерекшелiктерiн талдайды.	БП	ТК		
3	BSA(B)K(O)TOA 3212 Бастауыш сыныпта «Әлiппе» («Букварь») мен	Бастауыш сыныпта «Әлiппе» («Букварь») мен қазақ (орыс) тiлiн оқыту әдiстемесi - сөйлеу	«Бастауыш сыныпта оқу және жазу	Гуманитарлық пәндерiнiң теориясы мен әдiстемесiн практикада қолданады;	БП	ЖК	5	5

	қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.	сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі», «Тіл және әдебиет», «Бастауыш білім беру педагогикасы», «Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі»	әдістемелік жұмысты ұйымдастырады; АКТ, электрондық оқулықтарды пайдалана біледі; ақпаратты іздеу кезінде теориялық, диагностикалық және практикалық дағдыларды бастауыш мектепте оқыту қабілеттерін жетілдіру үшін қолдана біледі.				
4	SBRZh 3214 Сандық білім ресурстарын жасақтау	Бастауыш мектептегі оқу пәндері бойынша сандық ресурстарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері. Сандық білім ресурстарына қойылатын талаптар. Сандық білім ресурстарының сабақты өткізудегі тиімділігі. Сандық білім ресурстарының оқушылардың үй тапсырмасын орындаудағы тиімділігі.	«Білім беруде АТ технологияларын қолдану», «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар»	Болашақ мұғалім өз пәнін үйретуде АКТ-ны кеңінен қолдана отырып, сауатты, сапалы сабақты ұйымдастыру керек. Заман талабына сай Білім ордасында АКТ – ны оқу-тәрбие процесінде сапалы қалыптастыру қажеттілігін түсінуі. Оқу-тәрбие процесін жоғары деңгейде жүргізу үшін АКТ – ның жаңаша әдістерін тиімді қолдану. Оқытуда АКТ мен әдістемелерді тиімді қолдану. Практикалық дағдыларды ұйымдастыра білу. Дәріс тақырыптары бойынша алынған дағдыларды жүйелей білу, Тиімді әдістемелерді талдай білу. Алған білімдері бойынша сабақ жоспарларын құрастырып, сабақ тыс жұмыстар өткізу барысында тиімді әдістемелер мен АКТ-ны қолдана біледі; Сол арқылы пән бойынша өз білім дәрежесін анықтай алады; Алынған білімдер негізінде шешім қабылдайды.	БП	ЖК	5	5

5	OPFDE 3215 Оқушының физиологиялық дамуының ерекшеліктері	Пәннің мақсаты - оқушылардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері, әртүрлі жастағы өсу мен даму заңдылықтары, өскелең организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасы, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың оқып-білім алу барысында жұмысқа қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдарының, баланың жасына лайық білім беріп, ақыл ойын дамыту, дені сау, сымбатты етіп өсірудің ғылыми негіздері туралы педагогикалық мамандықтар бойынша оқып жатқан студенттерге білім беру.	«Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игереді; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ағзаның әртүрлі кезеңдеріне сай анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға қойылатын гигиеналық талаптар негізінде ұйымдастыруға қабілетті бола алады.	БП	ЖК	5	5
7	MDPOA(SAN, CD, KA, MN, KO, ZH, OOT) 3216 Мектепалды даярлық пәндерін оқыту әдістемесі» («Сауат ашу негіздері», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған орта», «Жаратылыстану», «Өзін-өзі тану»)	Пәнді оқытудың мақсаты білім алушыларға сабақтастық қағидатын іске асыруға жәрдемдесу және білім алушылардың жеке, жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру және тәрбие мақсаттарын шешу үшін оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттері мен педагогтердің балалармен қарым-қатынас нысандарын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету болып табылады.	«Бастауыш мектепте жанартылған білім мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сыныпта «Әліппе» («Букварь») мен қызақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі», «Жаратылыстану» оқыту әдістемесі, «Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі»	Балаларда оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыруды біледі; мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастырып үйренеді; балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз етуе алады.	БП	ТК	5	6
8	MDSHPOA (SS, M,ZP,Con, Muz, DSn) 3218 «Мектепалды даярлықта шығармашылық пәндерін оқыту әдістемесі» («Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка», «Дене шынықтыру»)	Пәнді оқытудың мақсаты білім алушыға сабақтастық қағидатын іске асыруға жәрдемдесу және бастауыш мектепті оқытуда үздіксіздік пен мектепке ыңғайлы бейімделу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда білім алушылардың жеке, жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету болып табылады.	«Бастауыш мектепте жанартылған білім мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Балалардың шығармашылық оқу іс-әрекетінде ұйымдастырылған мінез-құлық дағдыларын және мектепке ыңғайлы бейімделу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыра біледі; ұжымдық қызметтегі бірлескен іс-әрекет дағдыларын тәрбиелей алады.	БП	ТК	5	6

	4КМВО3217 «4К» моделі бойынша оқыту (креативтілік, коммуникативтік, сыни ойлау, командалық жұмыс)	Білім беру мекемелерінің түлектеріне 4К (коммуникация – қарым-қатынас, коллаборация – ынтымақтастық, командамен жұмыс, креативность - шығармашылық, критическое (проблемное) мышление - сыни ойлау) тұжырымдамасын жасаушы білім берудегі көшбасшылар, Ғылыми қоғамдастық қабылдаған 4К тұжырымдамасы, оқу-тәрбие үрдісінде білім берудің 4К моделін жүзеге асырудың теориялары, технологиялары және әдістемелерін пайдалануды меңгерту болып табылады.	«Бастауыш мектепте жанартылған білім мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	4К моделі бойынша жұмыс істеп үйренеді; баалалармен жұмыс жасау барысында өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін, ақпараттармен жұмыс істей білетін шығармашыл, құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға қалыптастырып біледі.	БП	ТК		
8	IBB 3305 Инклюзивті білім беру	Студенттерге ерекше оқытуды қажет ететін бастауыш мектеп балаларының әлеуметтендіру, оларды жалпы білім беру үрдісіне қосу, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету және интеграция процесіндегі бірлескен оқытуды қамтамасыз ету жолдарын меңгерту және денсаулық сақтау технологияларына үйрету, күнделікті жағдайда қолдану.	«Бастауыш сынып оқушысының психологиясы», «Бастауыш білім берудің жанартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш білім беру педагогикасы», «Оқушының физиологиялық дамуының ерекшеліктері»	Бастауыш сынып балаларына инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудің тиімді шарттарын сипаттай алады; Бастауыш сынып оқушыларының ерекше балалардың ата-аналарына тиісті кеңес бере алады; Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың категорияларына қарай жұмыс жасаудың жолдарын меңгереді; Арнайы және жалпы білім берудің өзіндік ерекшеліктері мен талаптарын талдай алады.	КП	ЖК	5	6
9	DOA 3218 «Дүниетану» оқыту әдістемесі	Пәнді оқытудың мақсаты - болашақ мамандарды жоғары деңгейде дайындау, дүниетану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының бойында адамның табиғи және әлеуметтік ортасы, табиғат пен қоғамның байланысы мен өзара тәуелділігі туралы білімдер жүйесін қалыптастыру. Оқу пәнінің нысаны – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта және т.б.	«Бастауыш мектепте жанартылған білім мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Жаратылыстану» оқыту әдістемесі, «Адам және қоғам»	Оқу - тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың белсенді жаңа технологиясын қолданып біледі; топсаяхатты, серуенді ұйымдастыру түрлері мен әдістерін үйренеді; оқытудың әдістері мен құралдарын іріктей біледі.	КП	ТК	6	6
	ENKOKOA 3218 «Экология негіздері және қоршаған	«Экология негіздері және қоршаған ортаны қорғау» оқыту әдістемесі	«Экология және тіршілік	Дүниенің жаратылыстану-ғылыми суретінің негізгі	КП	ТК		

	ортаны қорғау» оқыту әдістемесі	пәнін тиімді меңгеруіне және тәжірибеде қолдану білігін дамытуға бағытталған. Экология негіздері, қоршаған орта, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің әр алуандығы, олардың өзара байланысын, өсімдіктер мен жануарлар ресурстарын үнемді пайдалану және қорғау қажеттілігі секілді жұмысты ұйымдастыру шеберлігін қалыптастыру..	қауіпсіздік негіздері», «Жаратылыстану негіздері», «Жаратылыстану» оқыту әдістемесі	ұғымдары; экология және қоршаған орта пәнінің негізгі бағыттары мен даму тарихын, теориялық мазмұнын, заңдылықтарын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастырылған жұмыс түрлерін, бағыттарын тұжырымдайды; бастауыш мектептегі тәрбие жұмысындағы экологиялық тәрбие әдістерінің тиімділігін біледі; нәтижелерді танымдық тәжірибелер мен эксперименттер арқылы ашады, тиімділігін дәлелдейді, қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады.				
10	ОТОВА 3219 «Өзін-өзі тану» оқыту әдістемесі	Оқу пәні ретінде өзін-өзі тануды оқыту әдістемесінің теориялық және ғылыми әдістемелік негіздерінің мазмұнын ашу, болашақ педагогтарды өзін - өзі тану пәнінен әдістемелік және технологиялық мәдениетін дамыту, шығармашылық білімдердің тәжірибелік қабілеттердің жүйесін ұғындыру және олардың тұлғалық кәсіби өзіндік дамуын қалыптастыру болып табылады. Өзін-өзі тану оқыту әдістемесі мақсат-міндеттері әр баланың өз жүрегінде жалпы адамзаттық рухани құндылықтар (Ақиқат, Дұрыс әрекет, Сүйіспеншілік, Ішкі тыныштық, Қиянат жасамау) бар екендігіне көздерін жеткізіп, өмірде осы құндылықтарды басшылыққа алуды үйретуді көздейді.	«Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сынып оқушысының психологиясы»	Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін; жеке тұлғаның негізгі қасиеттерін; адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің құрамдас бөліктерін біледі. Өзін өзі тану, өзгелерді тану, әлемді тану, адамзатты тануға құралған мазмұндық желілерді нақтылайды.	БП	ТК	5	6
	ККТОВ 3219 Кәсіби қызметтегі тұлғаның өзін-өзі белсендіру	Тұлға – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын	«Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сынып	Оқушының іс-әрекетін парасатты, педагогикалық дәл және дұрыс ұйымдастыру оның белсенділігінің барлық бағытта дамуының бастауы болып табылады. Ербір	БП	ТК		

		<p>белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады. Жеке тұлғаның белсенділігінің аталмыш бағыттары оқушының әр алуан іс-әрекеттерінде көрініс табады: оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыстар, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру.</p>	оқушысының психологиясы»	<p>баланы белсенді қайраткер орнына қойып, оны баланың барлық күшін белсенді жұмсауға, іс-әрекеттегі баланың жеке тұлғаға сай өзгешелігін зерттеуге, жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын іс-әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру — осының бәрі баланың белсенділігінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.</p>				
11	BSAOPOA 3213 «Бастауыш сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі	<p>«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.</p>	<p>«Бастауыш сыныпта «Әліппе» және «Қазақ тілін» оқыту әдістемесі», «Тіл және әдебиет (Т1)», «Бастауыш білім беру педагогикасы»</p>	<p>Бастауыш мектепте оқыту әдістемесінің теориялық және дидактикалық негіздерін меңгереді; - оқытудың бастауыш сатысында өткізілетін шығармашылық пәндерді оқыту бойынша бағдарламаларды, жоспарларды таңдап және талдап біледі; рефлексия жүргізу, оқу үдерісін одан әрі жақсарту үшін өткізілген сабақтарды бағалайды.</p>	БП	ТК	5	6
	SOA3213 Сауат ашу оқыту әдістемесі	<p>Бұл пән болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін әдістемелік даярлау жүйесіндегі басты пәндердің бірі. Бұл курс сөйлеу әрекеті түрлерін (оқу және жазу), 6-7 жастағы балалардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, бірінші сынып оқушыларына сауаттылыққа үйрету әдістерін жүйелі сипаттаумен сипатталады. Пәнінің мақсаты – сауат ашу әдістемесінен тәжірибелік тұрғыда білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, сауат ашу сабақтарын жүргізу әдіс-тәсілдерін меңгерту.</p>	<p>«Бастауыш сыныпта «Әліппе» және «Қазақ тілін» оқыту әдістемесі», «Тіл және әдебиет (Т1)», «Бастауыш білім беру педагогикасы»</p>	<p>Сауат ашуға байланысты практикалық іскерлік пен дағды қалыптастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтар беріледі; оларды пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыруға дайындайды; сауат ашудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.</p>	БП	ТК		
4 курс								

1	КЕОТА 4307 «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі	«Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі пәнінің мақсаты - көркем еңбек пәні бойынша оқыту технологиясын, әдістемесін түсіндіру. Пән әртүрлі еңбек объектілерін дәлдікпен жасау дағдылары мен танымдық, тұлғалық құнды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Пән мазмұны бастауыш мектепте бейнелеу өнері, еңбекке баулуды оқытудың мазмұнын игеруді, мектеп бағдарламаларын талдауды, бейнелеу өнері, еңбекке баулудың әдістері мен оқыту құралдарын меңгеруді қарастырады.	«Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі»	Оқу-таным қызметін оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырады, өз тәжірибесінде қолданады. Бағдарламаға сәйкес пәннің ұлттық басымдықтарын ескере отырып жүзеге асырады; оқушыларды еңбекке баулу жолдарын дұрыс басқара алады, педагогикалық үдерісті еңбек тәрбиесінің принциптеріне сәйкес жоспарлайды, ұйымдастырады және түзетеді. Бастауыш сыныптарда көркем еңбекті оқытудың негізгі әдістерін біледі. Көркем еңбекті оқыту саласындағы практикалық дағдылар қалыптасады.	КП	ТК	5	7
	SKOOTA 4307 Сәндік-қолданбалы өнерді оқытудың теориясы мен әдістемесі	Пәнді оқытудың мақсаты - сәндік-қолданбалы өнерді оқытудың әдістері мен формаларын қалыптастыру мүмкіндіктерін педагогикалық әдістемелік тұрғыдан түсіндіру.	«Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнының теориясы мен әдістемесі»	Сәндік қолданбалы өнер арқылы студенттердің іскерлік қабілеті мен дағдысы болады. Пәнді оқытудың мүмкіндіктерін біледі. Тиімді әдістер мен формаларды таңдап біледі.	КП	ТК		
